



QAZAQ UNIVERSITETI



Апталық
1948 жылдың
20 сәуірінен
шыға бастады

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ АПТАЛЫҚ ГАЗЕТ

WWW.FARABI.UNIVERSITY

№19 (1977) 2 МАУСЫМ 2025 ЖЫЛ

Ректор Татарстан басшысымен кездесті

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев Татарстанға барған сапарында ел басшысы Рустам Миннихановпен кездесті.



Татарстан Раисымен жүздесуге осы елдің білім және ғылым министрі Ильсур Хадиуллин, Татарстан Республикасы Ғылым академиясының президенті Рифкат Минниханов, Татарстанның Қазақстандағы өкілетті өкілі Денис Валеев және Қазақстанның Қазан қаласындағы бас консулы Ерлан Ысқақов қатысты.

Кездесу барысында Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ мен Татарстанның ғылыми-білім беру ұйымдары арасындағы ынтымақтастығын одан әрі дамыту перспективалары туралы сөз қозғалды. Атап айтқанда тараптар биотехнология мен медицина, химия және жаңа материалдар, ақпараттық технологиялар мен жасанды интеллект жайында пікір алмасты. Сондай-ақ әлеуметтік гуманитарлық

ғылымдарды дамыту, әсіресе Еуразия дала халықтарының тарихы мен мәдениетін зерделеу бойынша басым бағыттағы ынтымақтастықты ауқымдандыруға келісті.

ҚазҰУ ректоры Жансейіт Түймебаев өз сөзінде: «Соңғы жылдары Татарстан елінің жоғары оқу орындарымен ынтымақтастығымыз нығаюда. Елдің көрнекті ғалымдары мен білікті мамандарын дәріс оқуға, тәжірибелерімен бөлісуге шақырамын. Біз өз тарапымыздан қолдау көрсетуге дайынбыз», – деді.

Сапар барысында Қазақстан – Ресей қарым-қатынасы шеңберінде Қазақстан мен Татарстанның бірлескен білім беру жобаларын іске асыру, сондай-ақ білім алушылардың Ислам ынтымақтастығы ұйымы (ИЫҰ) елдерінің жас ғалымдарын тағылымдамаға тартуға бағытталған Қазан федералдық университеті ғалымдарының «Лобачевский» академиялық ұтқырлық бағдарламасына қатысу мән-жайы мақұлданды.

Гүлзат
НҰРМОЛДАҚЫЗЫ



Қазақстан мен Өзбекстан депутаттары «Farabi Hub» инновациялық орталығында болды

Ерлан Қошанов пен Нуриддин Исмоилов бастаған Қазақстан Парламенті Мәжілісі депутаттары мен Өзбекстан Олий Мажлисі Заң шығару палатасының делегациясы Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті жанындағы «Farabi Hub» инновациялық орталығында жүзеге асырылып жатқан жобалармен танысты.

Қазақстан мен Өзбекстан арасындағы парламентаралық ынтымақтастық кеңесінің екінші отырысы аясында қос елдің депутаттары Қасым-Жомарт Тоқаев пен Шавкат Мирзиёевтің ақпараттық технологиялар мен жасанды интеллект саласын дамыту жөніндегі тапсырмаларын жүзеге асыруда күш біріктіру мәселесіне ерекше назар аударды.

Депутаттарға «Farabi Robotics» өндірістік робототехника құзыреттер орталығының жобалары таныстырылды. Солардың бірі – жерасты шахталарын тексеруге арналған

робот-ит. Ғылыми жобалардан бөлек, орталық өндірістік кәсіпорындарға арналған роботтарды құрастыру, баптау және жаңғырту бойынша кадрлар дайындайды. Сондай-ақ мұнда өндірісте кеңінен қолдану үшін жаңа материалдарды 3D форматта басып шығару жұмыстары жүргізілуде.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ ректоры Жансейіт Түймебаев университеттің даму перспективалары мен суперкомпьютерлік кластерді енгізу жұмысы туралы баяндап берді.

Нұрсұлтан БАЗАРБАЙҰЛЫ

Түлектер тарту жасады

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің әр жылдары бітірген түлектері 300 млн теңгеге жуық қаражат жинап, факультет аудиториялары мен жатақхана асханаларын жаңғыртуға демеушілік танытты.

Дәстүрлі Түлектер күнінде оқу орнының басшысы Жансейіт Түймебаев университет дамуына сүбелі үлес қосып, белсенділік танытқан азаматтарға ризашылығын жеткізді.

Өз сөзінде Жансейіт

Қансейітұлы: «Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев Қазақстан халқына жолдауында: «Жоғары оқу орындары жанындағы эндаумент-қорлар білім берудің экожүйесін дамытудың негізгі буынына ай-

налуға тиіс», – деп атап өткен болатын. Өздері білім алған аудитория мен зертханаларды заманауи жабдықтауға демеушілік жасаған әр жылғы түлектерімізге алғыс білдіреміз. Осының барлығы біздің білім алушы жастарымыз үшін жасалып жатқан игі бастамалар», – деп атап өтті.

Жалғасы 8-бетте



3-бет

«Жібек жолы»
әдебиет
апталығы
ашылды



4-бет

Ынтымақтастық
көкжиегін
кеңейту қадамы



6-бет

Роза УТЕКЕШЕВА:
По воле судьбы,
я оказалась
ровесницей
университета



Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде Еуразия-Тынық мұхиты аймағы халықаралық университеттер желісіне мүше оқу орындарының аймақтық кездесуі өтті.

Университетаралық байланыстар нығаяды

Ауқымды іс-шараға Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев, ЕРУ президенті, Австрия Ғылым академиясының академигі, Зальцбург университетінің профессоры Йозеф Штробль, сондай-ақ шетелдік және отандық ғалымдар мен сарапшылар қатысты.

Іс-шараны ашқан Жансейіт Түймебаев қатысушыларды құттықтап, халықаралық ғылыми ынтымақтастықты дамытуға қосқан үлестері мен белсенді серіктестігі үшін тұрақты серіктестер мен сарапшыларға алғыс білдірді.



ҚазҰУ Eurasia-Pacific UNINET желісіне қосылған сәттен бастап гранттық жобаларға, халықаралық воркшоптар және академиялық ұтқырлық бағдарламаларына белсенді қатысуда.

Eurasia-Pacific UNINET қолдауының арқасында ҚазҰУ оқытушылары мен студенттері Зальцбург университетінде, Венгрия, Қырғызстан және Тәжікстан елдерінде тағылымдамадан өтті. Сонымен қатар «Қоршаған ортаны геокеңістіктік басқару» (GEM) секілді бірқатар бірлескен жобалар табысты жүзеге асырылып отыр. Осы жобалар аясында жаңа білім беру бағдарламалары ашылып, трансұлттық тренингтер өткізілді.

Гүл БАЯНДИНА



Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев Қытай саяси ғылымдар және құқық университетінің кеңес төрағасы Цзян Цзэтин бастаған делегациямен кездесті.

Серіктестік қарқынды дамып келеді

Оқу ордасының басшысы Жансейіт Түймебаев Қытай саяси ғылымдар және құқық университетімен әріптестік байланысты нығайтуға дайын екенін жеткізді. Сондай-ақ ректор жемісті ынтымақтастық пен өзара іс-қимылды кеңейтуге бағытталған барлық бастамаларды қолдауға ниетті екенін атап өтті.

«Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Қытай ЖОО-ларымен тығыз байланыста. Күн санап арадағы серіктестік қарқынды дамып келеді. ҚазҰУ базасында заң, философия және саясаттану факультеттері табысты жұмыс істейді. Білікті мамандар мен ғалымдар жеткілікті. Қос уни-



верситет осы бағыттағы жұмыстарды жандандыруы аса маңызды деп санаймын», – деді ректор.

Өз кезегінде Цзян Цзэтин ҚазҰУ басшысының ұсыныстарын қолдайтынын айтып, Қытай саяси ғылымдар және құқық университеті

туралы ақпаратпен бөлісті. Келіссөз нәтижесінде қос тарап білім және ғылым саласындағы ынтымақтастықты арттыру, оқытушылар мен студенттер үшін академиялық ұтқырлық мүмкіндіктерін кеңейту бойынша уағдаластыққа қол жеткізді.



Татарстан Ғылым академиясымен ынтымақтастық

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев Татарстан Республикасы Ғылым академиясының президенті Рифкат Миннихановпен кездесті.

Жансейіт Түймебаев ҚазҰУ Татарстанның Ғылым академиясымен серіктестікті одан әрі нығайтуға дайын екенін жеткізді. Сонымен қатар ректор ғылыми жобаларды жүзеге асыру, ғалымдармен алмасу, мұрағаттағы материалдармен бөлісу бағытындағы әріптестік байланысты кеңейтуге мол мүмкіндік бар екеніне назар аударды.

«Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Ресейдің 180 жоғары

оқу орнымен келісім жасасқан. Соның ішінде Татарстан университеттерімен ынтымақтастық қарқынды дамып келеді. Татарстан Ғылым академиясының ғалымдары мен профессорларын дәріс оқуға және тәжірибелерімен бөлісу үшін ҚазҰУ-ға шақырамыз. Болашақта университет пен академия арасындағы ғылыми серіктестікті дамыту қажет деп санаймын», – деді ректор.

Кездесуде Рифкат Минниханов ҚазҰУ мен академия арасындағы ынтымақтастықтың әлеуетіне тоқталып, бірлескен жобаларды жүзеге асыруға дайын екенін жеткізді.

Жүздесу соңында қос тарап аталған бастамаларды жоспарлы түрде іске асыруға уағдаласып, естелік сыйлықтармен алмасты.

Нұрсұлтан ЖЕКСЕНБАЕВ



Студенттер алмасу жайын талқылады

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев Қазан федералды университетінің ректоры Ленар Сафинмен кездесті.

Тараптар жоғары білім және ғылым саласында бірлескен мақсаттарды іске асырудағы жаңа мүмкіндіктерді қарастырды.

Кездесу барысында университет басшысы Жансейіт Түймебаев Ленар Сафинге ҚазҰУ-дың жетістіктері мен алдағы жоспарлары туралы ақ-

парат бере отырып, оқу ордасы Ресейдің, соның ішінде Қазан ЖОО-ларымен байланысты қарқынды дамытып келе жатқанын атап өтті.

Жүздесу барысында Қазан федералды университетінің ректоры Ленар Сафин Қазақстанның көшбасшы университетімен серіктестікті дамытуға баса мән беретінін жеткізді.

Өз сөзінде Қазан университетінің басшысы академиялық ұтқырлық бағдарламасы бойынша студенттер алмасу, қосдипломдық білім беру бағдарламасын іске қосу бойынша ұсынысын ортаға салды.

Нұрсұлтан БАЗАРБАЙҰЛЫ

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде Қазақстандағы «Жібек жолы» әдебиет апталығының салтанатты ашылу рәсімі өтті.

«Жібек жолы» әдебиет апталығы ашылды



өркениеттің дамуына айрықша үлес қосты. Бүгінгі таңда қос мемлекеттің әдеби байланысы жоғары сипатқа ие, көркем шығармаларды аудару мен ғылыми алмасуды дамытудың арқасында күшейе түсуде. Қытай дәстүрінде әдебиет білім берудің, өзін-өзі танудың және философиялық идеяларды білдірудің қуатты құралы ретінде қабылданады. Қазақ мәдениетіндегі әдеби шығармалар – халқымыздың шынайы қазынасы, оның тамыры мыңдаған жылдардан бастау алады. Сондықтан мәдени байланысты жандандыруда қос тараптың да мүмкіншілігі жоғары», – деді ректор.

Шарада Алматы қаласы әкімінің орынбасары Азамат Қалдыбеков: «Алматы – Қазақстанның мәдени және білім беру

орталығы ғана емес, ежелден Ұлы Жібек жолының маңызды торабы болған қала. Бүгінгі іс-шара әдебиет, тарих, халықаралық ынтымақтастық және адамгершілік құндылықтарға деген ұмтылысты біріктірген символдық оқиға», – деп атап өтті.

Алматыдағы ҚХР бас консулы Цзян Вэй Қазақстандағы «Жібек жолы» әдебиет апталығы аясында мәдениет пен әдебиет бағытында ортақ жобалар мен жаңа бастамалар іске асырылатынын жеткізді.

Апталық аясында құрметті қонақтар Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Фараби кітапханасының қорына Қытайдың 100 үздік кітабын тарту етті.

Гүл ҚҰТТЫБЕКҚЫЗЫ

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев Трабзон университетінің ректоры Эмин Ашиккутлу бастаған делегацияны қабылдады.

Трабзон университетімен байланыс артады



ректоры Эмин Ашиккутлу аталған ұсыныстарды қолдайтынын және болашақта ҚазҰУ-мен

тығыз жұмыс істейтінін жеткізді.

Нұрсұлтан ЖЕКСЕНБАЕВ

Қазақстандағы жоғары оқу орындарының сұранысын анықтайтын тәуелсіз рейтингтің 2025 жылғы қорытындысы бойынша Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ еліміздегі ұлттық университеттер арасында ең жоғары балл жинап, бірінші орынға ие болып, үздік университет деп танылды.

ҚазҰУ – сұраныс рейтингінде көшбасшы

2025 жылы рейтинг аясында бағаланған білім беру бағдарламаларының саны 1650-ге жетті. Жүлделі орындар саны бойынша Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті 614 142 балл жинап, ҚР Топ – 20 ЖОО көшбасшыларының алғашқы үштігін бастап тұр.

2025 жылғы рейтинг нәтижелерін талдау барысы Қазақстандағы жоғары білім берудің дамуындағы оң үрдістерді көрсетті. Атап айтқанда:

- Халықаралық студенттік



олимпиадалар жүлдегерлерінің саны өткен жылмен салыстырғанда 11 пайызға артты.



Түркітануды зерттеуде күш біріктіру қажет

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев «Түркологиялық зерттеулердегі заманауи сын-қатерлер мен шешімдер» тақырыбындағы халықаралық конференцияға онлайн форматта қатысып, баяндама жасады. Ауқымды шараны Ташкент мемлекеттік шығыстану университеті ұйымдастырды.

Пленарлық отырысқа Орталық Азия елдеріндегі ЖОО басшылары, сарапшылар, белгілі ғалымдар, түркітанушылар мен профессорлар жиналды.

Жиынды Ташкент мемлекеттік шығыстану университетінің ректоры Гульчехра Рихсиева ашып, халықаралық конференцияның маңызына тоқталды.

Өз кезегінде ҚазҰУ басшысы Жансейіт Түймебаев сөз сөйлеп, жаһандық трансформациялар мен қазіргі заманның жаңа сын-тегеуріндері жағдайында түркология мен алтайтануды зерттеу бүгінде ерекше маңызға ие болып отырғанын атап өтті.

«XXI ғасырда түркология мен алтайтану Орталық Азия, Сібір және басқа да өңір

халықтарының мәдени-тарихи, этно-тілдік байланыстарын түсінуде шешуші рөл атқарады. Аталған салалардағы зерттеулер әлемдік мәдени мұраның маңызды бөлігі болып табылатын түркі жазуының тілдерін, дәстүрлері мен ескерткіштерін сақтауға және құжаттауға көмектеседі. Түркітану және алтайтану сынды ғылыми бағыттардың дамуы тілдердің эволюциясын, олардың өзара қарым-қатынасын және бір-біріне әсерін зерттеуге мүмкіндік береді, әсіресе бұл жаһандану жағдайында өте өзекті. Мен өзімнің монографиялық зерттеулерімде және докторлық диссертациямда түркітану мен алтайтану түркімоңғол өзара іс-қимылы нәтижесінде тілдік өзгерістерге талдау жасай отырып, халықтардың тілдерін, мәдениетін, тарихын зерттейтін пәнаралық бағыттар екеніне назар аудардым. Бұл бағыт қазіргі жағдайда тереңірек зерттеуді және осы бағыттағы күш-жігерімізді біріктіруді талап етеді», – деді ректор.

Сонымен қатар Жансейіт Қансейітұлы өз сөзінде түркітану мен алтайтану бағытында ҚазҰУ мен Ташкент мемлекеттік шығыстану университетінің ғалымдары бірлесіп ауқымды жұмыстарды жүргізіп жатқанына назар аударды.

Нұрсұлтан БАЗАРБАЙҰЛЫ

- Оқытушы-профессорлық құрамның жарияланымдық белсенділігі 23 пайызға ұлғайды.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ академиялық ұтқырлық пен ғылыми өнімділік бойынша қазақстандық жоғары оқу орындары арасында өз көшбасшылығын растады. Университет халықаралық ынтымақтастықты белсенді түрде кеңейтіп, әлемдік деректер базаларында индекстелетін ғылыми жарияланымдар саны бойынша алдыңғы қатарда.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Баспасөз қызметі

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің делегациясы Қытай мен Орталық Азия елдері арасында өткен «Индустрия – Университет – Ғылым – Тәжірибе» ынтымақтастық симпозиумына қатысты. ҚХР-дың Синьцзян-Ұйғыр автономиялық ауданының әкімшілік орталығы Үрімші қаласында өткен симпозиум энергетика саласындағы халықаралық әріптестік пен сапалы даму мәселелеріне арналды.

Қазақ халқының «Су жүрген жер – береке, ел жүрген жер – мереке» деген мақалы халықтың түрлі мереке-лерде, жиын-тойларда бас қосуының қаншалықты маңызды екенін аңғартады.

Абул Футух Сабри Юнус, Таяу Шығыс және Оңтүстік Азия кафедрасының шақырылған профессоры

Қазақстандағы күндерден естелік



ұсынылады. Етке үстелдің үстіне жұқа етіп жайылған қамыр (жайма) салынады.

Шай – қазақтардың жазда және қыста жиі ішетін сусыны. Қазақ халқы күн сайын тамаққа дейін, тамақ үстінде және тамақтан кейін бір литрге дейін шай іше алады. Сондықтан сіз өзіңізге құйылған кеседегі шайды ішіп болғаннан кейін үй қожайыны сізден сұрамай-ақ, кесеңізді шайға қайта толтырып қояды. Себебі тек бір кесе ғана шай ішуге болмайды, аз дегенде үш немесе төрт кесе шай ішуіңіз керек болады. Қазақ халқы сүтті шаймен қатар, көк және қара шай ішеді. Шайды қантпен немесе қантсыз ішеді.

Дастархан жаю мен табақ тарту Наурыз мерекесін тойлайтын түрлі ұлттар мен халықтардың арасында кең таралған ең маңызды дәстүрлердің бірі болып саналады. Наурыз мерекесі кезінде тазалықты, жақсылықты, молшылықты, бақыт пен бейбітшілікті білдіру мақсатында ұлттық рәміздік сыйлықтар тарту етіледі. Бұл әдет-ғұрып туыс-туған, жақындармен жақын араласудың, терең достық пен бауырмал-

дылықтың тамырын нығайту мақсатында жасалады.

Наурыз мерекесі Қазақстандағы қазақтарды ғана емес, саяси, мәдени тарихи жағынан ортақ көршілес елдердегі қазақтарды да біріктіреді. Наурыз – қазақ халқының ортақ мұраларын, дәстүрі мен мәдениетін құрметтейтін жыл сайын аталып өтетін ұлттық мереке. Бұл түрлі діни және мәдени топтарды біріктіретін ортақ мереке.

Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев: «Еліміздің алдында биік мақсат тұр. Бұл – Әділетті Қазақстанды құру. Біз адал еңбек етіп, адал табысқа жете алатын әділ қоғам орнатуымыз керек. Мұндай қоғамды адал азаматтар қалыптастырады. Бір сөзбен айтсақ, әділдік пен адалдық – әрдайым қатар жүретін егіз ұғым. Сондықтан біз құрып жатқан қоғамда адал азаматтар қалыптастырады. Бір сөзбен айтсақ, әділдік пен адалдық – әрдайым қатар жүретін егіз ұғым. Сондықтан біз құрып жатқан қоғамда баршаға бірдей мүмкіндік беріледі. Әділетті мемлекет – бұл заң мен тәртіп үстемдігі. Озық мемлекет болу үшін бәріміз тек жарқын болашаққа сеніммен қарауымыз керек. Біздің үмітіміз – жастар. Қазақстанның келешегі сіздердің қолдарыңызда. Белсенді, санасы сергек, ойы ұшқыр, адал, көзі ашық жастарға біз әрдайым қолдау көрсетеміз», – деп айтқанындай, Қазақстан бұл мерекені тойлау арқылы ұлттық дәстүрі мен әдет-ғұрпын ұрпақтан-ұрпаққа жеткізуге ұмтылады.

Араб тілінен аударған
Айдынгул ХАВАН,
Арабтану бөлімінің меңгерушісі

Мәдени байланыс арта түсті



мад Ламеи мырза қонақтарға оқу орнының тарихы, қазіргі ғылыми әлеуеті және халықаралық байланыстары жөнінде кеңінен мәлімет берді. Ол университеттің шетелдік студенттерді оқыту бағдарламалары, оқытушылар алмасу бастамалары және бірлескен ғылыми жобаларға қолайлы мүмкіндіктері бар екенін жеткізді.

Ректор халықаралық әріптестікке ерекше назар аударылып отырғанын атап өтті. Іс-шара аясында делегаттар Мешхед қаласындағы Фердоуси университетіне арнайы сапар жасап, ондағы әдебиет және гуманитарлық ғылымдар факультетінің оқытушылары және студенттерімен кездесті. Бұл кездесу академиялық ынтымақтастықты арттырып, болашақ ғылыми жобаларға негіз қалау мақсатында ұйымдасты-

рылды. Аталған конференцияға Орталық Азия елдерінің сарапшыларынан шақыруға бастамашы болған және ұйымдастырушылық қолдау көрсеткен Хорасан аймағының жетекші ақпарат агенттігі – Farsnews. Агенттік ғылыми байланыстарды нығайтуға, аймақаралық диалогты дамытуға және ирантану ғылымының халықаралық кеңістікте дамуына ерекше үлес қосып келеді. Аталған конференция ирантану саласындағы ғылыми ықпалдылықты нығайтып, Орталық Азия мен Иран арасындағы рухани және білім саласындағы әріптестікті жаңа деңгейге көтеруге ықпал етті.

Гүлбақыт ҚАЛИЗАТҚЫЗЫ,
Таяу Шығыс және Оңтүстік Азия кафедрасының аға оқытушысы, PhD

Мен Қазақстанда қызмет еткен жылдары қазақ халқының Наурыз мерекесін тойлау рәсіміне көп қатыстым. Бірде ҚР Ұлттық кітапханасы Наурыз мерекесіне арнап ұйымдастырған бір шарада тігілген киіз үйдің кіреберісіне отырдым, әріптесім үстел басына жақын отыруымды сұрады. Мен бұл ишараны бір-бірімізбен жақын танысу мақсатында айтылып жатыр деп ойладым. Содан кейін маған қазақтың дәстүрі бойынша құрметті қонақтың есіктің алдында отыруға болмайтынын түсіндірді.

Төр – қазақ халқының құрметті қонақтарға арналған орны. Бұл – киіз үйдің есігіне қарама-қарсы орналасқан орын. Дастарханға бірінші болып үлкендер мен құрметті қонақтар жайғасады. Үлкендер тарапынан асқа бата жасалып, алдымен үлкендер, содан кейін жасы кішілер тамақтан ауыз тие бастайды. Тамақтан кейін қонақтарға қазақ халқының ұлттық сусыны – шұбат (түйе сүті) пен қымыз (бие сүті) ұсынылады. Содан кейін ұлттық тәттілер – мейіз қосылған жент, құрт, ірімшік пен сүт немесе кілегей қатқан шай беріледі. Шайға жылқы етінен немесе қой етінен жасалған тіскебасар ұсынылады.

Қазақша ет әдетте жіліктерімен асылады. Құрметті мейманға алдымен қойдың басы тарту етіледі. Бұл мейманға деген ерекше құрметті білдіреді. Мейман бастың белгілі бір бөлігінен (құйқа) кішкене кесіп алып, қасындағыларға ұсынады. Бұл сыйластық пен құрметтің белгісі саналады. Асылған ет үлкен табақпен

Иранның Оңтүстік Хорасан провинциясында орналасқан Бирджанд университетінде «Ирантану және Шығыс Иранның зерттеу мәселелері» атты I халықаралық ғылыми конференция өтті.

Халықаралық деңгейдегі бұл шараға Иранмен тарихи әрі мәдени байланысы терең Орталық Азия елдері – Қазақстан, Өзбекстан, Қырғызстан және Тәжікстаннан келген ирантанушы ғалымдар қатысты.

Қазақстаннан конференцияға Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Таяу Шығыс және Оңтүстік Азия кафедрасының атынан ирантанушы ретінде қатысып, «Ұлы Жібек жолы: Қазақстан мен Иранның мәдени және әдеби байланыстары» атты тақырыпта баяндама жасады. Баяндамада Ұлы Жібек жолының екі халық арасындағы әдеби және мәдени ықпалдастықты дамытудағы тарихи маңызына тоқталып, ортақ мұраларды зерттеу қажеттілігі атап өтілді. Конференция барысында делегаттарды ресми түрде қарсы алған Бирджанд университетінің ректоры Ах-



ка саласындағы қызметі туралы презентация жасап, сөз сөйледі. Жиында ғылыми ынтымақтастық және академиялық алмасуды кеңейтудің энергетика саласына білікті мамандар дайындаудағы маңыздылығын атап өттім. Сапар қорытындысы бойынша мынадай маңызды келісімдерге қол жеткізілді:

- Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ мен Синьцзян университеті арасында ынтымақтастық туралы келісімге қол қою.
- Бірлескен жазғы мектептер мен академиялық тағылымдамалар ұйымдастыру.
- Энергетика және материалтану бағыттары бойынша ғылыми жобаларды жүзеге асыру.
- Студенттер мен оқытушылар алмасуын жолға қою.

Бұл сапар университеттің халықаралық ғылыми кеңістіктегі беделін арттырып қана қоймай, «Бір белдеу – бір жол» бастамасы аясында жаңа ғылыми-білім беру жобаларын жүзеге асыруға тың мүмкіндіктер ашты.

Осындай кездесулер кәсіби қауымдастық қалыптастырып, тәжірибе алмасуға және жаһандық технологиялық сынқатерлер жағдайында жұмыс істей алатын жаңа буын мамандарын даярлауға ықпал етеді.

Нұрзада БЕЙСЕН,
профессор,
физика-техникалық факультетінің деканы

Ынтымақтастық көкжиегін кеңейту қадамы



Іс-шараны Синьцзян-Ұйғыр автономиялық ауданының Халық үкіметі мен Синьцзян университетінің физика ғылымы және технология факультеті ұйымдастырды. Симпозиум «Қытай – Орталық Азия» саммитінде және «Бір белдеу – бір жол» үшінші халықаралық ынтымақтастық форумында қол жеткізілген келісімдердің заңды жалғасы.

Қазақстан тарапынан Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, көршілерден Самарқан мемлекеттік университеті және Өзбекстан Ғылым академиясының делегациялары қатысты.

Салтанатты ашылу рәсімінде Синьцзян-Ұйғыр автономиялық ауданы Халық үкіметі мен Орталық Азия елдерінің жетекші университеттері басшыларының құттықтау сөздері айтылды. Бағдарлама аясында энергетика саласындағы университеттер мен өндіріс орындары арасындағы әріптестік, бірлескен ғылыми жобалар жүргізу, оқытушылар мен студенттер алмасу, физика, энергетика және ядролық инженерия бағытындағы білім беру бағдарламаларын дамыту мәселелері қарастырылған пленарлық отырыстар мен секциялық мәжілістер өтті.

Одан кейін Синьцзян университетінің физика ғылымы және технология мектебінде энергетика саласындағы халықаралық ынтымақтастық мәселелеріне арналған симпозиум ұйымдастырылды. Онда Қазақстан, Қытай және Өзбекстан ғалымдары баяндама жасап, бірлескен зертханалар мен ғылыми консорциумдар құру перспективаларын талқылады.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ атынан мен құттықтау сөз сөйлеп, университеттің энергетика

Польшаның Қазақстандағы уақытша сенімді өкілі, университетіміздің түлегі Михал Лабенда мырзаның журналистика факультетінің ұжымымен кездесуі медиабілім бойынша Польшамен тағылым-тәжірибе алмасудың айшықты көрінісі болды. «Елші сағаты» аясындағы дипломат дәрісі Қазақстан халқы Ассамблеясының 30 жылдығымен тұспа-тұс келді. Поляк халқының тарихы, мәдениеті мен әдебиеті, салт-дәстүрлері туралы әсерлі әңгіме еліміздегі түрлі этностардың салт-дәстүрін сақтап, дамыту бағытында жұмыс істеп келе жатқан бірегей ұйымның мақсат-мүддесімен үндесіп жатты.

Дерек-дәйекке сүйенсек, қазіргі уақытта Қазақстанда 35 мыңға жуық поляк өмір сүруде. 13 мәдени орталықты қамтитын Қазақстандағы поляктар одағының қолдауымен «Алматинский курьер полонийный» журналы, «Полония» телеарнасы хабар таратуда. Түрлі ғылыми конференциялар, мәдени шаралар ұйымдастырылып, «Поляк картасы» ауқымында алыс-беріс ұлғаюда. Тарихқа үңілсек, поляк және қазақ халықтары достығының тамыры тереңде жатқанын байқауымыз. Алысқа бармай-ақ, соңғы кезеңге көз салсақ, XIX ғасырдан бері жалғасып келе жатқан поляк-қазақ мәдени байланыстары туралы ауыз толтырып айтуға болады. Қазақстанға жер аударылған поляктар – жазушы Адольф Янушкевич, ақын Густав Зелинский, суретші Бронислав Залесский соңына бай мұра қалдырса, XX ғасырдың басында сазгер, музыка зерттеушісі Александр Затаевич қазақтың 1000 әнін нотаға түсірді. Ал бүгінгі күндері осынау тарихи тұлғалардың жолын Адам Мицкевич атындағы Познань университетінің шығыстанушы профессоры, аудармашы Хенрик Янковски алға ұластырып келеді. Хенрик Янковски – Абайдың «Қара сөздерін» полякшаға

Польшамен арадағы алтын көпір

түпнұсқадан тікелей тәржімалап, «Қазақша-полякша сөздік» түзген белгілі ғалым.

Қазақ ақын-жазушылары мен ғалымдары бүкіл Азия құрлығында, сондай-ақ посткеңестік кеңістікте Польша тақырыбын алғашқылардың бірі болып қозғап, қазіргі таңда да қомақты тірлік тындырып келеді. Орталық Азияның өзге елдерінде поляк мәселесін зерттеуші ғалымдар шоғыры әлі қалыптасып үлгермегенін ескерсек, қазақ зиялылары көтеріп отырған жүктің салмағын сезінеміз. Мәселен, поляктың ұлы ақыны Адам Мицкевичтің өлеңдерін тәржімалауды Азияда қазақтар бірінші болып қолға алды. Қазақ әдебиетінің классигі Абай Құнанбаев А.Мицкевичті аударып отырып, поляк поэзиясына үлкен қызығушылық танытты. Кеңес заманында Қайнекей Жармағамбетов, Ғафу Қайырбеков, Мұзафар Әлімбаев, Ізтай Мәмбетов, Құрманғали Ұбаев, Әбілмәжін Жұмабаев және басқа да ақын-жазушылар тәржімалары арқылы отандық оқырмандар поляк классигінің шығармаларымен жақсы таныс болды.

Жазушы-сазгер Илья Жақанов әйгілі композитор Михаил Огинскийдің «Полонез» әуенінің зағип қырғыз музыкантының тағдырына әсері туралы баяндайтын «Оралған ән» лирикалық повесін жазды. ҚазҰУ профессоры, әдебиеттанушы ғалым Өтеген Күмисбаевтың поляк революционері әрі шығыстанушысы Адольф Янушкевич туралы «Польша ұлы» романы бар. Сондай-ақ Манаш Қозыбаев, Ғайрат Сапарғалиев, Қайдар Алдажұманов, Гүлжауһар Көкебаева, Серік Мәшімбаев, Гүлмира Қазыбек, Лаура Исова және басқа да тарихшы, заңгер, әдебиетші ғалымдардың еңбектері Қазақстандағы польшатанумен айналысып жүрген жастарға бағыт-бағдар болуда.

Енді қара шаңырақ – Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-ға келейік. Бұл ретте өзгелермен



қатар, журналистика факультеті де Польшаның жетекші университеттерімен, атап айтқанда: Варшава, Познань, Торунь және Вармия-Мазур университеттерімен берік академиялық және ғылыми байланыс орнатқанын атап өтеміз. Бұл оқу орындарында ғылыми және оқу-әдістемелік тағылымдамадан өту жолға қойылды. Әр жылдары Польшадан келген профессорлар факультетте дәріс оқыды. Варшава университетінен профессор Владимир Гоголек, Торунь университетінен профессор Роман Беккер және профессор Ивона Масака, Познань университетінен профессор Шимон Осовски, Вармия-Мазур университетінен Аркадиуш Жуковский және басқалар студенттеріміздің ыстық ықыласына бөленді. Познань университетінің профессоры Тадеуш Валлас республикалық «Мысль» журналының, ал торуньдық профессор Роман Беккер ҚазҰУ-дың «Журналистика» сериясы Хабаршысының алқа мүшелері.

Факультеттің көптеген оқытушылары мен профессорлары Варшава, Познань, Торунь және Слублице қалаларында өткен заманауи БАҚ мәселелері жөніндегі ғылыми конференцияларға қатысты. Сондай-ақ аталған оқу орындарының шақыруымен оқу ордамыздың ұстазы, марқұм Жұмабек Кенжалиннің бастауымен еліміз-

дің көрнекті журналистері кезінде Польшада болып қайтты. Факультеттің профессор-оқытушы құрамының ғылыми мақалалары «Przegląd Politolologiczny», «Studia Medioznawcze», «Srodkowoeuropejskie Studia Polityczne» сияқты поляк ғылыми басылымдарында тұрақты түрде жарияланып келеді. Осы жолдар авторының «Познань университеті» атты деректі фильмі және «О польско-казахском братстве» деген публицистикалық кітабы оқу үдерісінде пайдаланылуда.

Оқу ордамыз польшалық ғылым және әдебиет қайраткерлерінің шығармаларын насихаттап, оқырман қауымға таныстыруда игі істер тындыруда. Осы орайда, университет ректоры, профессор Жансейіт Түймебаевтың қамқорлығы арқасында кезінде Польшаның Қазақстандағы төтенше және өкілетті елшісі болып істеген профессор Селим Хазбиевич мырзаның «Польша-Литва таралары – Алтын Орда мирасқорлары» атты кітабының «Қазақ университеті» баспасынан 2021 жылы бес тілде жарық көруін атап өту керек. Сондай-ақ польшалық Нобель лауреаттарының барлығы дерлік қазақшаға аударылғанын, олардың ішінде біздің «Қазақ университеті» баспасынан Нобель иегерлері – ақындар Ви́слава Шимборска мен Чеслав Милоштың өлең кітаптары ба-

сылып шыққанын тілге тиек еткеніміз орынды.

Бұл аталған игі істердің барлығы еліміздегі ұлтаралық тұрақтылық пен татулықтың арқасында мүмкін болды. Сондықтан да биік мәртебелі дипломат Михал Лабенда мырзаның факультетке келуі мәмілегерлік шара ғана емес, Қазақстан мен Польша арасындағы мәдениет пен білім саласындағы ынтымақтастыққа жасалған маңызды қадам. Бұл орайда, ұстаздарымыздың жеке бастамалары арқылы Польшада жүздеген магистранттар мен бакалавриат студенттерінің тағылымдамадан өткенін, ондаған оқытушы-профессорлардың конференцияларға қатысқанын тілге тиек ету орынды. Олардың барлығы поляк халқының тарихын терең білуге, тілді еркін игеруге мүдделі. Осы ретте факультетке поляк тілі мен мәдениетін, БАҚ тарихын оқытатын ұстаз шақыру жөнінде Польшаның еліміздегі дипломатиялық өкілдіктеріне өтініш жасалынып, сондай-ақ поляк жоғары оқу орындарына сұраныс жіберілгенін де атап өткеніміз орынды. Алайда бұл әрекеттен әзірге нәтиже жоқ.

